«6D050100 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған Имашева Жұлдыз Амангелдіқызының «Ірі қаладағы этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтанулық талдауы: Алматы қаласы негізінде» атты диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшісінің

ПІКІРІ

Имашева Жұлдыз Амангелдіқызының «Ірі қаладағы этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтанулық талдауы: Алматы қаласы негізінде» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазіргі қоғам үшін өзекті әрі маңызы зор мәселені – Қазақстанның ең ірі мегаполисі Алматы қаласы жағдайындағы этникалық кәсіпкерліктің ерекшеліктерін әлеуметтанулық тұрғыда зерделеуге арналған. Зерттеу жұмысы кешенді ғылыми ұстанымымен, терең теориялық негізделуімен және жан-жақты жүргізілген эмпирикалық талдауымен ерекшеленеді. Диссертациялық жұмыс қазақстандық әлеуметтанудың дамуына елеулі үлес қосатын бірегей ғылыми еңбек деп сенімді түрде айтуға болады.

Зерттеу өзектілігі сенімсіздік тудырмайды. Қазіргі жаһандану, көші-қон және урбанизация үдерістерінің күшеюі, этномәдени әртүрліліктің артуы аясында этникалық кәсіпкерлік феномені әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды бөлігіне айналуда. Автор осы құбылыстың әлеуметтік мәнін, оның экономикалық қырымен қатар мәдени, әлеуметтік және институционалдық тұрғыдан кешенді түрде қарастырады. Әсіресе, Алматы қаласы аясында жүргізілген зерттеу жұмыстың теориялық әрі тәжірибелік маңызын арттыра түседі. Алматы– Қазақстандағы этникалық топтар көп шоғырланған ірі мегаполис, сол себепті этникалық кәсіпкерлік ерекшеліктерін талдау бүгінгі таңда өзекті тақырыптардың бірі.

Этникалық кәсіпкерлік– белгілі бір этникалық топтардың қабылдаушы қоғамда кәсіпкерлікпен айналысып, этномәдени, әлеуметтік және институционалдық ерекшеліктер негізінде орнықты экономикалық тәжірибелер қалыптастыруын білдіретін әлеуметтік құбылыс. Оның дамуына мәдени ұстанымдар, кәсіпкерлік құндылықтар, әлеуметтік және этникалық желілердің ерекшеліктері, экономикалық ресурстар мен мүмкіндіктерге қол жеткізу сияқты факторлар әсер етеді. Бұл ретте диссертант жаңа ғылыми көзқарас қалыптастырып, жаһандану мен көші-қон үдерістері жағдайында этникалық кәсіпкерліктің дамуын жан-жақты саралаған. Диссертациялық жұмыстың мақсаты– иммигранттар арасында кәсіпкерлік белсенділіктің қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін факторларды анықтап, этникалық кәсіпкерлік әлеуметтануының жаңа деңгейге көтеру. Зерттеу сапалы әдіснамаға негізделген: кәсіпкерлермен тереңдетілген сұхбаттар жүргізіліп, алынған эмпирикалық мәліметтер желілік өзара әрекеттесу үлгісі негізінде талданған. Бұл тәсіл кәсіпкерлік үдерісіндегі негізгі механизмдер мен ресурстарды, атап айтқанда әлеуметтік, этникалық және капиталдық желілердің ықпалын терең ашып көрсетеді. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері кәсіпкерлік қызметтің тиімділігінде миграциялық тәжірибенің, интеграциялық, кәсіби және жергілікті желілердің маңыздылығын көрсетеді. Осылайша, жұмыс этникалық кәсіпкерлікті кешенді, динамикалық әрі контекстік құбылыс ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Ғылыми нәтижелердің сенімділігі, дәлелділігі және жаңашылдығы. Диссертациялық жұмыста Алматы мегаполисі мысалында этникалық кәсіпкерлікті зерттеуде әдіснамалық қатаңдық пен аналитикалық тереңдік сақталған. Автор әртүрлі сапалы талдау әдістерін, оның ішінде тереңдетілген сұхбаттар мен анкеталау элементтерін, пәнаралық және әлеуметтанулық негізделген тәсілді бірізді қолданған. Мұндай кешенді

әдістемелік құралдар этникалық топ өкілдерінің кәсіпкерлік белсенділігін анықтайтын әлеуметтік, мәдени, желілік және институционалдық факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми жаңашылдығы бірнеше бағытта көрініс тапқан. Біріншіден, автор этникалық кәсіпкерлікті көпэтникалық қалалық кеңістікте қалыптасатын, этникалық сәйкестік, әлеуметтік мобильдік және экономикалық стратегиялардың түйісуінде жүзеге асатын құбылыс ретінде әлеуметтанулық тұрғыдан негіздеген. Екіншіден, диссертацияда экономикалық не этномәдени редукциядан бас тартып, этникалық кәсіпкерліктің желілік сипатына баса назар аударылған, ол этникалық және бейэтникалық әлеуметтік желілердің ресурстарымен тығыз байланысты динамикалық үдеріс ретінде көрсетілген. Эмпирикалық зерттеу ғылыми шынайылық пен логикалық жүйелілік қағидаттарына толықтай сай жүргізілген. Әдіснамалық триангуляция талдаудың көпқырлылығын және нәтижелердің сенімділігін қамтамасыз еткен. Эмпирикалық деректер базасы ғылыми сапаға қойылатын негізгі талаптарға - деректердің жеткіліктілігіне, дереккөздердің әртүрлілігіне, іріктеменің репрезентативтілігіне және этникалық пен көші-қон бойынша қазіргі ғылыми зерттеулердің теориялық-әдіснамалық негіздеріне сәйкестігімен ерекшеленеді. Осылайша, жұмыс автордың ғылыми кемелдігін және этникалық кәсіпкерлікті, әсіресе посткеңестік урбанизм, көші-қон мобильдігі және көпмәдениетті қалалық қауымдастықтардың қалыптасуы аясында зерттеуге қосқан елеулі үлесін көрсетеді. Сондай-ақ ізденуші этникалық кәсіпкерлікті өлшеудің заманауи әлеуметтанулық құралдарын тиімді пайдаланды: сипаттамалық статистика, контигенциялы кестелер, χ^2 критерийі, корреляциялық талдау және Манн-Уитни U-критерийі қолданылды. Эмпирикалық зерттеу университеттің Жергілікті этикалық комитетінің мақұлдауынан өткенін атап өткен жөн, бұл зерттеу барысында академиялық этика мен қатысушылар құқықтарының толық сақталғанын растайды.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы- этникалық кәсіпкерлікті көші-қон, урбанизация және этникалық топтардың қалалық ортаға бейімделу үдерістері қиылысында қалыптасатын күрделі әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыруында. Жұмыс этникалық бизнес концепциясын желілік өзара әрекеттесу, әлеуметтік сәйкестік пен символдық капитал тұрғысынан ұсына отырып, этникалық және кәсіпкерлік әленуметтанулық теориялық-әдіснамалық базасын кеңейтеді. Автор этникалықты тек мәдени белгі ретінде ғана емес, сонымен бірге кәсіпкерлердің көпэтникалық мегаполисте экономикалық стратегия құруда пайдаланатын ресурс ретінде негіздеген. Диссертация нәтижелері отандық және посткеңестік әлеуметтанудың дамуына өз үлесін қосады, Қазақстандағы этникалық кәсіпкерліктің түрлері, үлгілері мен тетіктері жөніндегі эмпирикалық деректерді толықтырады. Жаңашылдығы- көші-қон тәжірибесін, әлеуметтік интеграция мен экономикалық белсенділікті кешенді түрде талдау арқылы этникалық топ өкілдерінің кәсіпкерлік қызметін жан-жақты сипаттауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық маңызы — алынған нәтижелерді шағын және орта бизнесті мемлекеттік және жергілікті деңгейде этномәдени ерекшеліктерді ескере отырып қолдау бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыруға пайдалануға болады. Диссертациялық қорытындылар әлеуметтік саясат органдарының, көші-қон қызметтерінің, мигранттар мен этникалық қауымдастықтармен жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік, этникалық және көші-қон әлеуметтануы бойынша оқу курстарын дайындау барысында қолданыла алады. Сондай-ақ зерттеу қалалық экономиканың инклюзивті әрі мәдени әралуандылыққа сезімтал стратегияларын қалыптастыруға, этникалық

кәсіпкерлерінің маргиналдануының алдын алуға және мультимәдени қалалық ортада әлеуметтік капиталды нығайтуға негіз бола алады.

Диссертациялық жұмысқа қойылатын жалпы талаптарға сәйкестігі. Жұмыс белгіленген академиялық стандарттар мен талаптарға толықтай сай келеді. Диссертацияда ғылыми ізденістің жоғары деңгейі, құрылымның қисындылығы және материалдың жүйелі баяндалуы көрініс тапқан. Автор зерттеу тақырыбын терең меңгергенін, ғылыми дербестігі мен нәтижелерін сапалы талдау арқылы дәлелдеген. Жұмыс әлеуметтанулық зерттеулер саласындағы академиялық стандарттар мен ұсыныстарға толық сәйкес орындалған.

Жалпы, жұмыс ірі қаладағы этникалық кәсіпкерлікті зерттеуге арналған өзекті және құнды ғылыми еңбек болып табылады. Зерттеу әдіснамалық қатаңдығымен, түпнұсқалығы мен практикалық маңыздылығымен және ғылыми жаңалығымен ерекшеленеді. Имашева Жұлдыз Аманегелдіқызының «Ірі қаладағы этникалық кәсіпкерліктің әлеуметтанулық талдауы: Алматы қаласы негізінде» атты дисертациялық жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған ғылыми еңбек ретінде диссертациялық жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға толықтай сәйкес келеді, жоғары бағаға лайық және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Әлеуметтік ғылымдар және білім» диссертациялық кеңесінде «6D050100 - Әлеуметтану» мамандығы бойынша ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп танылды.

Ғылыми кеңесші:

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының меңгерушісі,
әлеуметтану ғылымдарының докторы, профессор

Абдирайымова Г.С.

13.06.2025 ж.